

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

ЖАУАПТЫ КӨШБАСШЫЛЫҚ: САБАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ЭВОЛЮЦИЯ

*Халықаралық конференция материалдары
Нұр-Сұлтан, 2 шілде 2020 ж.*



Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты

**НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ.
ЖАУАПТЫ КӨШБАСШЫЛЫҚ:
САБАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ЭВОЛЮЦИЯ**

*Халықаралық конференция материалдары
Нұр-Сұлтан, 2 шілде 2020 ж.*

Нұр-Сұлтан, 2020

ӘОЖ 342
КБЖ 67.400.6
Н 90

*Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған*

**З.К. Шаукенова, Р.К. Алишев
С.Қ. Көшкімбаев, Қ.Д. Исаев, Ә.Қ. Назарбетова,
А.Ж. Мұқанова, А.Ә. Арзықұлов**

**Н 90 НҮРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ. ЖАУАПТЫ КӨШБАСШЫЛЫҚ:
САБАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ЭВОЛЮЦИЯ. Халықаралық конферен-
ция материалдары (Нұр-Сұлтан, 2 шілде 2020 ж.) – Нұр-Сұлтан:
Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегия-
лық зерттеулер институты, 2020 – 224 б.**

ISBN 678-601-7972-53-0

Жинақта «Нұрсұлтан Назарбаев. Жауапты көшбасшылық: сабақтас-
тық және эволюция» атты Халықаралық конференцияға қатысушылардың
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың
тарихи рөлі және оның саяси көрегендігіне, Қазақстан Республикасы
Тұңғыш Президентінің жауапты көшбасшылық феномені және оның Ұлт
Көшбасшысы – Елбасына трансформациялануына; саясаттың, тарихи дәстүр-
лер мен саяси мәдениеттің сабақтастығын қалыптастыру тұрғысындағы
Нұрсұлтан Назарбаев тұлғасының маңыздылығына; қазіргі кезеңдегі
Елбасының қызметіне арналған баяндамалары ұсынылған.

Басылым саясаттанушыларға, халықаралық қатынастану мамандарына,
мемлекеттік қызметкерлерге, сондай-ақ сарапшылар мен оқырмандардың кең
аудиториясына арналған.

**ӘОЖ 342
КБЖ 67.400.6**

ISBN 678-601-7972-53-0

© ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2020
© ҚР Президенті жанындағы ОКҚ, 2020

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Абаев Дәурен Әскербекұлы	6
---------------------------------------	----------

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗДЕР

Герман Наталья Мирчевна	10
--------------------------------------	-----------

Норов Владимир Имамович	16
--------------------------------------	-----------

СПИКЕРЛЕРДІҢ БАЯНДАМАЛАРЫ

Шәукенова Зарема Кәукенқызы	22
--	-----------

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –
Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жоғары рейтингі феномені

Цзи Чжие	26
-----------------------	-----------

Қазақстанның әлемдік аренадағы және
Орталық Азиядағы маңызды рөлі

Сыдықов Ерлан Батташұлы	30
--------------------------------------	-----------

Практика жүзіндегі неоеуразияшылдық –
Н.Ә. Назарбаев моделі

Якунин Владимир Иванович	35
---------------------------------------	-----------

Өркениеттер диалогының парадигмасын дамыту –
жаңа сынақтар алдындағы бірлесу

Шамшидинова Күләш Ноғатайқызы _____	39
Назарбаев зияткерлік мектептері – Елбасының ерекше білім беру жобасы	
Әбусейітов Қайрат Қуатұлы _____	45
Нұрсұлтан Назарбаев – жаһандық тұлға	
Әбіл Еркін Аманжолұлы _____	49
Н.Ә. Назарбаев – публицист, саясаттанушы және тарихшы	
Қалиев Талғат Бегімұлы _____	53
Этносаралық келісім – Елбасы саясатының баға жетпес мұрасы	
Кучинская Юлия Владимировна _____	57
Нұр-Сұлтан қаласы – прогрессивті дамудың және эволюциялық өзгерістердің символы	
Кәрібек Дәулет Жамаубайұлы _____	62
Жастарға қамқорлық – Елбасы саясатының маңызды бағыты	

АЛҒЫ СӨЗ





АБАЕВ ДӘУРЕН ӘСКЕРБЕКҰЛЫ

*Қазақстан Республикасы Президенті
Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары*

Құрметті оқырмандар!

Сіздің алдыңызда Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан қаласында 2020 жылдың 2 шілдесінде онлайн форматта өткен «Нұрсұлтан Назарбаев. Жауапты көшбасшылық: сабақтастық және эволюция» атты Халықаралық конференция материалдарының жинағы.

Аталған шараға қатысқан шетелдік сарапшыларға, халықаралық ұйымдар мен отандық академиялық құрылымдардың өкілдеріне, шынайы алғысымды білдіремін.

Сарапшылар мен зерттеушілердің кәсіби қоғамдастығы әрдайым ел үшін тағдырлы оқиғалардың ошағында болып, шешім қабылдау процесінде маңызды рөл атқарғаны көпшілікке белгілі. Сонымен қатар қазіргі кезеңде мемлекеттік саясатты жүйелі ғылыми және сараптамалық қолдаудың өзектілігі үнемі артып келеді. Сондықтан сарапшылармен және ғалымдармен тиімді өзара іс-қимыл, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жан-жақты қолдау бұдан әрі де мемлекеттің басты басымдықтарының бірі болып қала беретінін атап өткім келеді.

Саяси көшбасшылыққа қатысты айтар болсақ, ол туралы зерттеулер соңғы жүз жылда қарқынды түрде жүргізіліп келеді. Бұл тарих, саясаттану, философия, психология, әлеуметтану сияқты ғылымдар тоғысындағы пәнаралық мәселе. Сондықтан нағыз көшбасшылықтың барлық қажетті сипаттамаларын қамтитын оңтайлы әмбебап үлгіні елестету өте қиын.

Әйтсе де мұның жарқын үлгісінің бірі ретінде зерттеушілер мен сарапшылар жиірек Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тұлғасын атауда.

Оның ерекше саяси стилі, көрегендігі мен күрделі процестерді сындарлы жолға бағыттай білу қабілеті бұған дәлел бола алады. Сонымен қатар ол Қазақстанның прогрессивті

және тұрақты дамуын қамтамасыз етті. Тұрақтылық бұл жерде қандайда бір мызғымас және статикалық категория ретінде емес, елдің ХХІ ғасырдағы алға жылжуының басты ұстанымдарының бірі болып саналады.

Нағыз көшбасшы ретінде Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанды тиімді саяси институттары, қарқынды дамып келе жатқан экономикасы және халықаралық аренада жоғары беделге ие қуатты әлеуметтік мемлекетке айналдырған жүйелік қайта құрулардың бастамашысы және жетекшісі болды.

Бір айта кетерлігі, оның басшылық стилі тек харизмаға негізделген көсемдікпен шектелген жоқ. Бұған Президенттің өкілеттігін мерзімінен бұрын өз еркімен тоқтатуы нақты дәлел болды. Бұл халықаралық саяси тәжірибеде бұрын-соңды орын алмаған қадам еді және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың айтуынша, бұл Елбасының әлемге ұсынған саяси жаңалығы болды.

Жеке мен үшін бұл шешімнің логикасы нақты көшбасшылықтың мәнін түсінумен негізделген, бұл ең алдымен халық алдында, тарих алдында, болашақ алдындағы жауапкершілікпен байланысты.

Әрине, бір конференцияның аясында еліміздің Тұңғыш Президенті тұлғасының барлық қырларын қамту мүмкін емес екені анық, бірақ, кем дегенде оның жан-жақты қызметінің кең тарихи контексіне талдау жасауға болады.

Осыған қарамастан, сындарлы және жемісті пікірталастардың арқасында бұл конференция Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси мұрасын түйсіну процесінің кезекті маңызды кезеңі болды.

Конференция барысында айтылған және осы материалдар жинағында жарияланған баяндамалар зерттеушілердің де, барша оқырмандардың да шынайы қызығушылығын тудыратындығына сенімдімін.

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗДЕР





ГЕРМАН НАТАЛЬЯ МИРЧЕВНА

*БҰҰ Бас хатшысының
Орталық Азия бойынша арнайы өкілі,
БҰҰ-ның Орталық Азиядағы превентивті дипломатия
бойынша аймақтық орталығының басшысы*

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Мен БҰҰ Бас хатшысының Орталық Азия бойынша арнайы өкілі ретінде осы бір маңызды форумға қатысушыларға қош келдіңіздер демекпін! Біріншіден, мен оның ұйымдастырушылары – Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) және Орталық коммуникациялар қызметіне бүгінгі конференцияға қатысуға және Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастықты дамытудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлі туралы ойларымды бөлісуге шақырғаны үшін алғысымды білдіремін.

Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан БҰҰ-ға 1992 жылы 2 наурызда мүше болды. Содан бері Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымымен жемісті және өзара тиімді серіктестігінің тарихы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Сіздердің елдеріңіз жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде толыққанды қатысқан БҰҰ Бас ассамблеясының бірінші сессиясы 1992 жылғы 47-сессия болды, оның аясында Президент Назарбаевтың алғашқы баяндамасы жасалды.

Ондан кейінгі жылдары Назарбаев мырза БҰҰ штаб-пәтеріне 10-нан астам сапармен барып, жоғары деңгейдегі жалпы саяси пікірсайыстарда сөз сөйледі. Оның бастамасы бойынша көптеген маңызды соғысқа қарсы, антиядролық және терроризмге қарсы ұсыныстар БҰҰ алаңында сәтті жүзеге асырылды. Оның белсенді қатысуымен Қазақстан БҰҰ-ның ең ірі шараларына жоғары деңгейде қатысып қана қоймай, сонымен қатар теңізге шығуға мүмкіндігі жоқ елдер үшін 2003 жылғы БҰҰ-ның ғаламдық конференциясы, 2007 жылы АТМЭӘК-ның 63-сессиясы, 2008 жылы алғашқы

медициналық-санитарлық көмек туралы Алматы декларациясының 30 жылдығына ДДҰ конференциясы, 2009 жылы Дүниежүзілік туристік ұйымның Бас ассамблеясына арналған және тағы да басқа көптеген халықаралық форумдарды сәтті ұйымдастырды.

2011 жылғы наурызда Қасым-Жомарт Тоқаев мырзаның БҰҰ Бас хатшысының орынбасары қызметіне тағайындалуы Қазақстанның БҰҰ миссиясын ілгерілетуге қосқан маңызды үлесін мойындау болып танылады. Қазіргі таңдағы Қазақстанның сайланған екінші Президенті 2011 жылдан 2013 жылға дейін БҰҰ-ның Женевадағы бөлімінің бас директоры және Қарусыздану жөніндегі конференцияның бас хатшысы жоғары лауазымын атқарған.

Осы жылдар ішінде Қазақстан мен БҰҰ арасындағы ынтымақтастық форматы одан сайын кеңейе түсті. Республика Еуропа экономикалық комиссиясының (ЕЭК) және Азия мен Тынық мұхитының экономикалық және әлеуметтік комиссиясының (АТМЭЭК) құрамына еніп, БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік кеңесінің (2014-2016 жж.), Әйелдердің мәртебесі жөніндегі комиссияның (2014-2017 жж.), ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра комитетінің (2013-2017 жж.) мүшесі болды. 2017 жылдан бастап Қазақстанда Сирия бойынша 14 келіссөздер жүргізілді, бұл процеске қатысушылардың пікірінше, Сириядағы жағдайға нақты әсер етті және Женевадағы БҰҰ-ның келіссөздеріне қолайлы жағдай жасады.

Екі жақты ынтымақтастық тарихындағы үлкен оқиға Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайлануы болды. БҰҰ-ның негізгі органдарының біріне мүше болу кезеңінде Тұңғыш Президент Назарбаев келесі басымдықтарды айқындады: ядролық қарудан азат әлем құру; жаһандық соғыс қаупін жою және аймақтық қақтығыс-

тарды реттеу; аймақтық қауіпсіздік пен ынтымақтастықты нығайту; терроризммен күрес; қауіпсіздік пен тұрақты дамудың ажырамас байланысын қамтамасыз ету; сонымен бірге Қауіпсіздік Кеңесінің және бүкіл БҰҰ жүйесінің ХХІ ғасырдың қауіптері мен сынақтарына бейімделуі.

Белгіленген мақсаттарды орындай отырып, Қазақстан 2017-2018 жж. Таяу Шығыстағы және Кипрдегі, Конго Республикасындағы, Колумбиядағы, Дарфурдағы (Судан), Батыс Африка мен Сахел, Ливия, Мали, Сомали және Оңтүстік Судандағы жағдай бойынша ондаған кеңестер ұйымдастырды. Дүниежүзілік қауымдастық Қазақстанның бауырлас мемлекеттердің жақындасуына және олардың арасындағы өзара түсіністікті тереңдетуге ықпал ететін бүкіл Орталық Азия аймағының мүдделерін қорғаудағы принципті ұстанымын жоғары бағалады.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде күн тәртібінің аясында Қазақстан Қауіпсіздік Кеңесі мүшелерінің 2010 жылдан кейінгі Ауғанстанға алғашқы сапарын ұйымдастырды, сондай-ақ Тұңғыш Президент Назарбаевтың төрағалығымен жоғары деңгейдегі брифинг өткізді, нәтижесінде БҰҰ-ның маңызды қарарлары қабылданды, ал жаппай қырып-жою қаруын таратпау тақырыбы алғаш қақтығыстардың алдын алу және шешу жөніндегі БҰҰ құралдар жинағына енді.

Сондай-ақ, Қазақстанның БҰҰ-мен ынтымақтастығы ешқашан біржақты болған емес. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың шақыруымен Бас хатшылар Кофи Аннан, Пан Ги Мун және Антонио Гутерриш бірнеше рет сіздің елге ресми сапармен келді. Ынтымақтастық жылдарында БҰҰ-ның Қазақстандағы өкілдігі де айтарлықтай кеңейді, бүгінде БҰҰ-ның 18 бағдарламасы, қорлары мен агенттіктері жұмыс істейді.

Біз БҰҰ Бас хатшысының шешімі бойынша 2007 жылы құрылған БҰҰ-ның Орталық Азиядағы превентивті дипломатия бойынша аймақтық орталығы өз кезегінде Тұңғыш Президент Назарбаевтың бастамасымен және аймақтың барлық мемлекеттерінің қолдауымен құрылғанын әрқашан ризашылықпен еске аламыз. Біздің орталықтың басты мақсаты – барлық Орталық Азия елдерінің мүдделерін ескере отырып, сындарлы диалогқа жағдай жасау. Осы мандат аясында біз жыл сайын халықаралық конференциялар, сараптамалық форумдар, аймақтық қауіпсіздіктің өзекті мәселелері бойынша семинарлар өткізіп, превентивті дипломатияның түрлі салаларында жүздеген мамандарды дайындаймыз.

Өзінің құрылған сәтінен бастап Орталық күрделі аймақтық мәселелер бойынша өз ұстанымдарын жақындастыру мақсатында жетекші халықаралық сарапшылар және Орталық Азия мемлекеттері үкіметтерінің өкілдерінің қатысуымен жүздеген келіссөздер ұйымдастырды. Бұл тұрғыда Орталық өткізетін Орталық Азия және Ауғанстан елдері сыртқы істер министрлерінің орынбасарларының жыл сайынғы кездесулері, сондай-ақ Орталық Азияның стратегиялық зерттеулер институттарымен тығыз серіктестікте Аймақтық орталық ұйымдастыратын жоғары деңгейдегі сараптамалық форумдар ерекше рөл атқарады.

Биыл БҰҰ өзінің 75 жылдық мерейтойын атап өтеді, ол әлем үшін күрделі толқулар кезеңіне сәйкес келді. Биылғы жылы БҰҰ Бас хатшысының бастамасы бойынша «БҰҰ75» атты ең үлкен жаһандық пікірталасты ұйымдастыруы кездейсоқтық емес, ол біз бірге құрғымыз келетін болашақтың құрылысы туралы ең үлкен пікіралмасуға арналады. Бұл – бірігетін уақыт кезеңі. Бас Ассамблеяның шешімімен БҰҰ Бас хатшысы болып тағайындалуына байланысты сөйлеген

сөзінде Антонио Гутерриш: «біздің ұжымдық қауіпсіздігімізге, қоғамымыздың сипаты мен планетамыздың тіршілігіне төнетін қауіп-қатерлер, біз білетіндей, біздің ортақ мүдделеріміз бізді бөлетіннің бәрінен жоғары болуы тиіс. Бейбітшілік үшін бірігейік» – деді.

Биылғы жылғы сәуірдегі «Біз бір болсақ, біз жеңілмейміз» атты мақаласында Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың БҰҰ Бас хатшысымен келісе отырып, өз ойымен бөліскені символдық мәнге ие: «Дәл қазір бүкіл адамзат жолайрықта тұр. Әлемдік геосаясатты, экономиканы, экологияны, қоғам өмірінің сан алуан саласын қамтып, тізбектеле келген, бұрын-соңды болмаған проблемалар әлем мемлекеттерінің қарым-қатынасын да өзгерте бастады. Кеше ғана бір-бірін аяқтан шалып, жағадан алып, «санкциялық соғыстарға» жол ашқан мемлекеттер енді өзара көмек қолын созысуда. Бұл – жаһандық деңгейдегі үлкен өзгерістердің бастауы». Қандай дана сөздер, онымен келіспеу мүмкін емес, әсіресе БҰҰ-ның бүгінгі таңдағы барлық елдердің үкіметтерімен және үкіметтік емес секторының өкілдерімен, соның ішінде Қазақстанмен ынтымақтастығының нәтижелері, алдағы уақытта да біздің бірлескен күш-жігеріміз бейбітшілікті, тұрақтылықты және өркендеуді қамтамасыз ету мақсаттарына қол жеткізуге қызмет ететініне сенімділік береді.

Сөз соңында Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа мықты денсаулық, сәттілік, ұзақ және жемісті жылдар, ал бүгінгі конференцияға қатысушыларға сындарлы пікірталастар тілеймін.



НОРОВ ВЛАДИМИР ИМАМОВИЧ

Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы

*Құрметті халықаралық конференция
қатысушылары мен қонақтары!*

«Нұрсұлтан Назарбаев. Жауапты көшбасшылық: сабақтастық және эволюция» Халықаралық конференциясының ұйымдастырушылары мен қатысушыларына шын жүректен сәлем жолдау мен үшін үлкен мәртебе.

Қазақстанның қалыптасуы мен даму жылдары, маңызды конституциялық және саяси реформалар, елдің әлеуметтік-экономикалық жетістіктері мен табыстары Нұрсұлтан Әбішұлының есімімен байланысты. Оның тәсілдерінің жаңалығы және уақтылы қабылданған шешімдері Қазақстанды дәйекті саясаты және айқын сыртқы саяси басымдықтары бар сәтті, тұрақты және беделді мемлекеттер қатарына қосуға мүмкіндік берді.

Қазақстанның халықаралық аренада өсіп келе жатқан беделі елдің Тұңғыш Президентінің есімімен байланысты. Ол халықаралық қауымдастықтың назарын аударған кең ауқымды инновациялық идеялардың бастамашысы. Олардың ішінде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті құру, мемлекеттердің Еуразиялық одағын құру, антиядролық мәселелер, әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары арасындағы диалог бар.

Өзбекстан Президенті Ш.М. Мирзиёевтің Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесуін шақыру туралы бастамасын Н.Ә. Назарбаев алғашқылардың бірі болып қолдады, оның алғашқы кездесуі 2018 жылы 15 наурызда Қазақстан астанасында өтті.

Қазақстанның Тұңғыш Президентінің аймақтық ынтымақтастықты тереңдетудегі жоғары беделі мен сіңірген еңбегі оның 2019 жылғы қарашада екінші Ташкент кездесуінде

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесуінің құрметті төрағасы болып сайлануына негіз болды.

Соңғы жылдары Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастық, соның ішінде оның белсенді күш-жігерінің арқасында маңызды оң нәтижелерге қол жеткізді. Аймақтағы саяси атмосфера түбегейлі өзгеруде, оның айқын мысалы – аймақтық жақындасу, сенім мен өзара түсіністіктің қалпына келуі, сонымен бірге жинақталған мәселелерді ақылға қонымды ымыралар негізінде және аймақтағы барлық елдердің мүдделерін ескере отырып жедел шешу.

Орталық Азия елдерінің әртүрлі салалардағы аймақтық ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі күш-жігерін ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары да қолдады, бұл ШЫҰ саммитінің 2019 жылғы Бішкек декларациясында аталып өтілді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Шанхай ынтымақтастық ұйымын дамытуға, оның негіздерін нығайтуға, оған мүше мемлекеттер арасындағы дәстүрлі достық және тату көршілік қатынастарды арттыруға жеке үлес қосты және үлкен қолдау көрсетті. Қазақстан бүгінде әлем халқының жартысын біріктіретін және Еуразия континенті аумағының шамамен 60%-ын қамтитын қуатты трансконтиненталды халықаралық ұйым – ШЫҰ-ның негізгі іргелі принциптерін қалыптастырған құрылтайшыларының бірі болып табылады.

ШЫҰ-ның қазіргі таңдағы жаңаруы, оның аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталуы, өзара тиімді сауда-экономикалық және мәдени ынтымақтастықтың жаңа тиімді модельдерін іздеуі және қолдануы – біз бұл ұйымның қалыптасуының басында тұрған адамдардан алған үлкен құндылық және баға жетпес мұра. Саяси көрегендік пен парасаттылықты көрсетіп, оған мүше сегіз мем-

лекеттің керемет шығармашылық қуатымен «Шанхай рухы» деп аталатын берік негіз қалыптастырды. Мұнда, сөзсіз, Н.Ә. Назарбаевтың сіңірген еңбегі зор.

Оның ШЫҰ алаңындағы бастамалары әрқашан халықаралық терроризмге, экстремизмге және есірткі бизнесіне қарсы бірлескен күш-жігерді күшейтуге, ұлттық стратегияларды үйлестіруге, мүше мемлекеттердің сауда-экономикалық, көлік-логистикалық әлеуетін ашуға, Ұйым шеңберіндегі мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейтуге бағытталған нақты ұсыныстарымен ерекшеленетінін ерекше атап өткім келеді.

Н.Ә. Назарбаевтың төрағалығымен Қазақстанда өткен ШЫҰ мемлекет басшыларының саммиттері шын мәнінде маңызды болды. 2011 жылы ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттердің мемлекет басшылары кеңесінің отырысында бүгінде өзекті болып отырған Денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық туралы ШЫҰ келісіміне, ШЫҰ-ның есірткіге қарсы стратегиясына және Ұйымның 10 жылдығына арналған Астана декларациясына қол қойылды.

2017 жылғы ШЫҰ-ның Астана саммиті Ұйымымызды одан әрі кеңейту үшін маңызды оқиға болды. Үндістан мен Пәкістанның қосылуымен ШЫҰ «Шанхай сегіздігіне» айналды, бұл Ұйым тарихында жаңа кезеңге жол ашты.

Нұрсұлтан Әбішұлының тағы бір сәтті іске асырылған бастамасы – бұл ШЫҰ-ның есірткіге қарсы «Өрмек» атты бірінші халықаралық операциясы, ол 2019 жылдың шілдесінде өткізілді, оның маңыздылығына қатысты ШЫҰ-ның 2018-2023 жылдарға арналған есірткіге қарсы стратегиясына енгізілді.

2017 жылдың сәуірінде оның бастамасы бойынша ШЫҰ-ның «Есірткісіз әлем үшін» Бірінші халықаралық есірткіге

қарсы іс-шарасы сәтті өтті. Қазақстанның бастамасы негізінде кибер лаңкестікпен күрес саласындағы ынтымақтастық белсенді дамуда.

Н.Ә. Назарбаев сонымен қатар 2018 жылы қабылданған ШЫҰ-ның Азық-түлік қауіпсіздігі бағдарламасының бастамашысы болды, ол ШЫҰ елдерінің азық-түлік қауіпсіздігі мен сапалы тамақ өнімдеріне қол жетімділігі саласындағы ынтымақтастығын одан әрі кеңейту жолындағы алғашқы қадам болды. Бұл бағдарлама қазіргі уақытта жаңа корона-вирустық пандемиямен күрес кезінде ерекше маңызды болып табылады.

Сөзімді қорытындылай келе, мен Қазақстанның Тұңғыш Президентіне Шанхай ынтымақтастық ұйымын құруға қосқан зор үлесі және жемісті көпжақты ынтымақтастықты дамытуға белсенді қолдау көрсеткені үшін шынайы ризашылығымды білдіргім келеді.

Мен шын жүректен құрметті Нұрсұлтан Әбішұлына денсаулық, жаңа табыстар, жақсылық пен аман-саулық, бауырлас Қазақстан халқына бейбітшілік пен өркендеу тілеймін!

СПИКЕРЛЕРДІҢ БАЯНДАМАЛАРЫ





**ШәуKENОВА
Зарема КәуКЕНҚЫЗЫ**

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
ЖОҒАРЫ РЕЙТИНГІ ФЕНОМЕНІ**

Уинстон Черчилльдің «Ұлылықтың бағасы – жауапкершілік» деген нақыл сөзі бар. Еліміздің тұңғыш Президенті ерекше талант иесі, соның арқасында ол бүгінде әлемнің көрнекті көшбасшылары қатарына енеді, ол өміріндегі маңызды ісіне адал қызмет етудің үлгісін көрсете отырып, теңдесіз жауапкершілік жүгін мойнына артты. Осы арқылы ол өз халқының үлкен ризашылығы мен құрметіне ие болды. Бұған Нұрсұлтан Назарбаевтың 2008-2009 жылдардағы дағдарыс кезеңінің өзінде де 85%-дан төмен түспеген әлеуметтік мониторингтегі рейтингі дәлел бола алады.

1991 жылғы 1 желтоқсандағы бірінші жалпыхалықтық президенттік сайлауда Н.Ә. Назарбаевқа сайлаушылардың 98,7% дауыс берді. Осылайша, Қазақстан халқы өзінің тағдыр-шешті таңдауын жасады. 98,7% – бұл Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің тарихтағы ең алғашқы рейтингі.

Президенттің көптеген жылдар бойғы тұрақты түрде жоғары рейтингке ие болуы Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен жүргізіліп жатқан елдің даму үлгісін қазақстандықтардың

қолдауының айқын белгісі. Бұл жағдай 2004 жылдан бері Қазақстан қатысып келе жатқан «Еуразиялық монитор» атты мемлекетаралық зерттеу аясында атап өтілді. Бұл зерттеуге жалпы 13 посткеңестік ел қатысады. Мысалы, 2005 жылғы мамырда «Евразиялық монитор» тұрғындардың Президент Назарбаевты қолдау көрсеткіші – 89% болғанын тіркеді. Ал 2007 жылы Президентті қолдау деңгейі 91% жетті. Бұл зерттеулерге қатысушы елдердің барлық президенттері арасындағы ең жоғары рейтингтер болды.

Әртүрлі ғылыми-зерттеу ұйымдары жүргізген түрлі сауалнамалар аясында жүргізілген әлеуметтанулық өлшемдер бойынша 1998 жылдан бастап Нұрсұлтан Әбішұлы елдегі ең танымал саясаткер, ең жоғары сенім деңгейіне ие тұлға.

Президент Н.Ә. Назарбаевқа деген жоғарғы сенім деңгейі президенттік сайлауларда үнемі расталып келді.

✓ 1991 жылғы 1 желтоқсандағы сайлауда сайлаушылардың 98,7% дауыс берді.

✓ 1995 жылғы 29 сәуірдегі референдумда тұрғындардың 95,46% президенттік мерзімнің ұзартылуына дауыс берді.

✓ 1999 жылғы 10 қаңтардағы сайлау – реформалардың нәтижесі әлі айқын болмаған кездегі ел дамуының ең күрделі кезеңдерінің бірі болып табылады. Мемлекет басшысын қолдаушылар бірінші балама сайлауда 79,78% президенттің пайдасына дауыс берді. Алайда содан кейінгі кезде Президенттің электоралдық позициясы көтеріліп, тағы да тарихи максимумға жетті.

✓ 2005 жылы тұрғындардың 91,15%-ы Н.Ә. Назарбаевқа дауыс берді.

✓ 2011 жылы бұл нәтиже 95,55% жетті.

✓ 2015 жылы – сайлаушылар Н.Ә. Назарбаевқа 97,75% дауыс берді.

Сонымен бірге барлық президенттік сайлауға қатысқан сайлаушылар саны 90%-дан жоғары болды.

Бұл көрсеткіштер мемлекетіміздің қалыптасуы мен дамуындағы Елбасының қызметі мен рөліне берілген жоғары баға. Президент Н.Ә. Назарбаевтың әлеуметтік және нақты рейтингтерінің тұрақты түрде жоғары болуы қазақстандықтардың басым бөлігі үшін еліміздің экономикалық және саяси салаларындағы үйлесімді дамуын қамтамасыз ете алатын мықты тұлғаға деген қажеттілік болды.

Н.Ә. Назарбаев елдегі саяси демократияландырудың қиын жолын бағалай отырып, келесі жағдайға тоқталды: біз өз елімізде еуропалық демократиялық институттарды енгізудеміз. Бірақ Еуропа елдері демократияландыру жолын бірнеше ғасыр бойы жүріп өтті, біз ұзақ уақыт бойы тарихи дамудан шеткері болдық. Біз маңызды тарихи оқиғалар – әлемді қайта бөлісуге, технологиялық революцияға қатыспадық, енді біз оларды қуып жетуіміз керек. Алдыңғыларды қуып жету үшін даму қақпанынан және әлемдік экономиканың соңғы қатарынынан шығып, толыққанды, синхронды даму сатысына көшу үшін Қазақстан сөзсіз жаңа басымдықтарды қоюы керек. Ал жас мемлекеттің Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев бұны жүзеге асырды. Ол елді дағдарыстан шығарудың және оны дамытудың тиімді жұмыс істейтін жүйесін құрудың жақсы жолын таба алды.

Саясат – мүмкіндіктің өнері, ымырашылық өнері екендігі бұрыннан айтылып, дәлелденіп келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың осы өнерді шебер меңгергендігін уақыт көрсетті. Ұзақ жылдар бойы билік басында болған ол Қазақстан үшін мүмкін болатын барлық шекараларды кеңейтті. Бүгінгі таңда Елбасының пікірі өте маңызды, оны әлемдік көшбасшылар тыңдайды. Мұнымен ол өзінің әлемдік деңгейдегі саясаткер ретіндегі жоғары рейтингін тағы да растайды.

Кезінде Сенека кейбір істердің ұлылығы олардың көлемімен емес, оладың өз уақтылығымен есептелінеді деген.

Нұрсұлтан Назарбаев Президент ретінде заманауи үдерістердің болашағын көріп, келешек кезеңді болжай алатын көрегендігімен танылды.

Оның президенттіктен кету туралы шешімі біз үшін қаншалықты күтпеген жағдай болса да, ол қазіргі заманның рухына, Елбасы мінезінің терең даналығына және күшіне толық сәйкес келеді.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған үндеуінде әлем бір орында тұрмайтынын, жаңа сын-қатерлер мен жаңа мүмкіндіктер пайда болатындығын атап өтті: «Мен және менің замандастарым еліміз үшін қолдан келгеннің бәрін жасадық. Оның нәтижелері өздеріңізге белгілі. Әлем өзгеріп, жаңа буын келеді. Бұл – табиғи процесс. Олар өз заманының проблемаларын шешетін болады. Сондай-ақ, елімізді одан әрі өркендету үшін бар күш-жігерін жұмылдыруға тиіс».

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің сайлауалды бағдарламасында елімізді әлемдегі табысты және беделді мемлекетке айналдырған Тұңғыш Президенттің бағыты өзгеріссіз қалатынын жария етті. Бұдан Елбасының саяси ұстанымын аяқтауға, оның үлкен мұрасын көбейтуге, елімізді одан әрі өркендетуге деген Президенттің ұмтылысын байқаймыз.

Тағдыр Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа заманауи Қазақстанның негізін қалаушы болуды жазды. Ол туралы көп жазылды және одан да көп жазылады. «Нұрсұлтан Назарбаев. Жауапты көшбасшылық: сабақтастық және эволюция» Халықаралық конференция материалдарының жинағы да Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің ең жоғары рейтингі құбылысын, Қазақстанның қазіргі заманғы тарихындағы ең үлкен рөлін, оның жеке басының орасан зор ауқымын, ерекше қасиеттерін, Отанға және халқына қызметтерін түсінуге өзіндік үлесін қосады.



Цзи Чжие

Қытай халықтық саяси консультативтік кеңесінің мүшесі,

Қытай қазіргі заманғы халықаралық қатынастар академиясының аға кеңесшісі және экс-президенті (ҚҚЗХҚА, Пекин қ.)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕМДІК АРЕНАДАҒЫ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ МАҢЫЗДЫ РӨЛІ

Мен сенімді серіктес және ескі досымыз – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтынан шақырту алғанымға өте қуаныштымын. Соңғы жылдары Институт өте қарқынды дамып келеді және Пенсильвания Университетінің жыл сайынғы зерттеу және аналитикалық орталықтарының рейтингінде Орталық Азияның жетекші «ақыл-ой орталықтары» арасында көш бастап келеді. ҚСЗИ жетістіктері сөзсіз Қазақстан Республикасының өркендеуін көрсетеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 30 жыл ішінде жалпыұлттық көшбасшы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан бүкіл әлем назарын өзіне аударған үлкен нәтижелерге қол жеткізді. Елдегі ЖІӨ 1993 жылғы 11 миллиардтан 170,5 миллиард долларға дейін өсті. Халықтың өмір сүру сапасы едәуір жақсарды. 90-жылдардағы кедейлік деңгейі үштен бірінен 5 пайызға дейін төмендеді.

Соңғы 20 жыл ішінде Қазақстанда екі модернизация сәтті жүзеге асырылды, енді үшіншісі жүзеге асырылуда. Алғашқы

жаңғыру барысында Қазақстан саяси және экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізді. Екінші жаңғыру барысында қазақстандықтар жаңа астананы салды, елді индустрияландыруды сәтті жүзеге асырды және мерзімінен бұрын әлемнің ең дамыған 50 елінің қатарына енді.

Бүгінде Қазақстан өршіл мақсатқа – 2050 жылға қарай әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру жолында. Бұл Қазақстан тарихындағы өте маңызды оқиға болмақ. Республикада «Нұрлы жол», «Бес институционалдық реформа» және «Мәңгілік Ел» ірі мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялар жүзеге асырылуда. Олардың арқасында Қазақстан өзінің арманын мерзімінен бұрын орындайтынына сенімдімін.

Қазақстан қуатты ел ретінде тек Орталық Азияда ғана маңызды ойыншы емес, сонымен қатар әлемдік аренада маңызды рөлге ие болып келеді. Қазақстан – бүкіләлемдік ЭКСПО көрмесін және құрлықаралық спорттық шараларды қабылдаған аймақтағы алғашқы мемлекет. Ол сонымен бірге ЕҚЫҰ Саммиті мен Ислам ынтымақтастығы ұйымының Саммитін қабылдаған Орталық Азиядағы алғашқы ел. Сонымен қатар, Қазақстан ядролық қарусызданудың жаһандық процесінің бастамашысы болып табылады. Ядролық қарудан бас тартып, «Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құру туралы келісімге» қол қою арқылы Қазақстан жаһандық стратегиялық тұрақтылыққа орасан зор үлес қосты. Қазақстан сонымен қатар көптеген аймақтық ұйымдардың бастамашысы болып табылады. ШЫҰ, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Еуразиялық экономикалық одақ сияқты бірлестіктер аймақтық қауіпсіздік пен дамудың маңызды кепілі болып табылады. Қазақстан ұлттық және діни келісімге қол жеткізуге айтарлықтай үлес қосуда. Республикада өтіп жатқан Әлемдік және

дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі ұлтарайық және дінаралық консолидацияны дамытуға және нығайтуға қызмет етеді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі 30 жыл ішінде Қазақстан мен Қытай басшыларының бірлескен жетекшілігімен екі елдің қарым-қатынасы әрқашан жоғары деңгейде жүргізіліп, маңызды және жемісті нәтижелерге қол жеткізді. Қытай мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 28 жыл толды, бұл халықаралық жағдайдың өзгеруіне қарамастан, екі елдің өзара тиімді ынтымақтастықты сақтап, дамытатындығының дәлелі. Қытай мен Қазақстан шекара мәселелерін толықтай және түпкілікті шешті, Қытай мен Қазақстан арасындағы өндірістік салада қалыптасқан ынтымақтастық «Бір белдеу, бір жол» жобасын бірлесіп жүзеге асыруға негіз болды. 2019 жылы екі ел басшылары Қытай мен Қазақстан арасындағы мәңгілік жан-жақты стратегиялық серіктестік қатынастарын дамыту туралы бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Бұл Қытай мен Қазақстанның төту көршілер, сенімді серіктестер және жақсы достар екенін көрсетеді.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев мырза Қытай мен Қазақстан арасындағы достық қатынастардың тарихына үлкен үлес қосты. 2008 жылы 2 сәуірде Алматыда Пекин Олимпиадасының алауының алғашқы эстафетасы өтті, алғашқы алау ұстаушы ретінде Н.Ә. Назарбаев қатысты. 2019 жылы сәуірде Си Цзиньпин Нұрсұлтан Назарбаевты Қытай Халық Республикасының Достығы орденімен марапаттады. Бұл Н.Ә. Назарбаевтың екіжақты қатынастарға қосқан үлесінің жоғары бағасы.

Мен осы күндері Н.Ә. Назарбаевтың 80 жасқа толғанын білгеніме қуаныштымын. Осы мүмкіндікті пайдаланып, жеке өз

атымнан және ҚҚЗХҚА ұжымы атынан Нұрсұлтан Назарбаевқа мықты денсаулық, амандық және сарқылмас қуат тілеймін!

ҚҚЗХҚА және ҚСЗИ Қытай мен Қазақстанның жетекші аналитикалық орталықтары ретінде ынтымақтастықты жоғары деңгейде қолдауға және нығайтуға, жаңа жеңістер мен табыстарға қол жеткізуді жалғастырады деп сенемін!



Сыдықов Ерлан Батташұлы

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры,
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор*

ПРАКТИКА ЖҮЗІНДЕГІ НЕОЕУРАЗИЯШЫЛДЫҚ – Н.Ә. НАЗАРБАЕВ МОДЕЛІ

Ширек ғасырда Елбасының сарабдал саясаты мен халқымыздың береке-бірлігі арқасында Қазақстан Республикасы әлемге танылды, абыройы артты. Батыс пен Шығыс Қазақ елін – тұрақты, орнықты, меймандос, толерантты мемлекет ретінде қабылдайтын деңгейге көтерілдік.

Ішкі үйлесім мен татулықтың асыл арқауы – «Мәңгілік ел» мұратына ұйыдық.

Егеменді және тәуелсіз дамудың алғашқы күндерінен бастап Қазақстан Республикасы бейбітшілікті, келісімді, жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеу және аялау идеяларын ұстанды.

Тарлан тарихтың жазуына орай, Қазақстан әртүрлі этностардың, азиялық және еуропалық өркениеттердің, түркі және славян мәдениеттерінің, мұсылман және христиан діндерінің өзара тоғысуында болды. Осының арқасында бүгінде біздің еліміз – еуразияшылдықтың орталығы. Еуразияшылдық әр қазақстандыққа тән: біздің елде ұлтшылдыққа, діни төзбеушілікке және рухани агрессияға жол берілмейді.

Қазіргі қазақстандықтар – ұлы сақтардың, қуатты ғұндардың, асыл түркілер империяларын құрған адамдардың тікелей ұрпағы. Қазақ халқы ежелден-ақ Еуразияның көптеген халықтарымен тығыз байланыста болған және олардың дамуына айтарлықтай әсер ете отырып, сөзсіз көршілердің тәжірибесін өздерінің бойына сіңірген.

Қазақстанның Көшбасшысы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Еуразиялық одақ идеясын әзірлеу кезінде дәл осы факторды ұғынды, оның мәні халықтардың жақындасуы мен өзара ынтымақтастығы болып табылады. Дәл қазір, көптеген саяси және экономикалық одақтар мен бірлестіктер ауыр сынақтарға ұшырап жатқан кезде, Қазақстан өз мысалында қазіргі заманғы жаһандық мәселелерге жауап беріп отыр.

Тәуелсіздіктің 29 жылы ішінде Қазақстан бүкіл әлемге мемлекетіміздің қуаты қаншалықты мығым екенін көрсетті:

- Қазақстанды әлемдік қауымдастық нарықтық экономикасы бар ел ретінде мойындады;

- ел басшылығы басқа мемлекеттер тарапынан мойындалған және беделді ішкі және сыртқы саясатты дамытады және жүргізеді;

- Қазақстан Республикасы халықаралық және аймақтық деңгейде көптеген интеграциялық процестердің бастамашысы болып табылады.

Осындай мегажобалардың бірі – Еуразиялық одақ. Осыдан 26 жыл бұрын, М.В. Ломоносов атындағы ММУ қабырғасында Қазақстан Республикасы Президентінің тарихи дәрісі кезінде, бұл бірегей идея ұсынылды.

Нұрсұлтан Әбішұлының сөйлеген сөзі әлемде үлкен резонанс тудырды: жас егеменді мемлекет – Қазақстан енді аяққа тұрып келе жатыр, ал оның Президенті болашақ экономикалық интеграция туралы ойын білдірген болатын.

Шын мәнінде, біздің республикамыздың еуразиялық теорияны тереңдету және оны іс жүзінде жүзеге асыру жолындағы берік және өзгермейтін бағыты осы есте қаларлық оқиғадан басталған еді.

Посткеңестік кеңістіктегі белсенді интеграция идеясы өте қиын және ерекше тарихи жағдайларда пайда болды.

Бұрынғы кеңестік республикаларда әлеуметтік шиеленіс пайда болды, идеологиялық вакуум кезеңі және бір республика ішінде ғана емес, мемлекетаралық масштабта қатынастарды реттей алатын интеграциялық компоненттің болмауы орын алды.

Бұрынғы кеңестік республикалардың жетекшілерінің ешқайсысы ескі идеялардың орнына жаңасын ұсына алған жоқ. Сондықтан да мемлекетаралық қатынастардың сапалы жаңа идеологиясының қажеттілігі туындады. Ол Лев Гумилевтің терминологиясындағы «Ұлы даладан» – Еуразияның дәл ортасындағы Қазақстаннан шықты.

Жаңа еуразиялық идеялардың пайда болуы үшін қандай жағдайлар орын алды?

Еуразияшылдықтың интеграциялануының құпиясы және олардың сапалық негізде басталуы бірқатар факторлармен түсіндіріледі:

Біріншіден, Қазақстан Республикасының Президенті республикада этносаралық және конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді сақтау саясатын таңдады, ол еуразияшылдықтың мәні мен идеяларына сәйкес келеді. Сонымен қатар, ол мәселелердің саяси спектрін екінші рольге ауыстыра отырып, бірінші кезекте экономикалық мәселелерді шешудің басымдылығын қойды.

Екіншіден, дәстүр бойынша Еуразия орталығының тұрғындары толеранттылықпен, барынша ашықтықпен, шынайы қо-

нақжайлылықпен және басқа өркениеттер мен мәдениеттерге құрметпен қарайтындығымен ерекшеленді, бұл өз кезегінде Қазақстанда еуразиялық көзқарастардың кең таралуына қолайлы жағдай жасады.

Үшіншіден, қазақтардың өздері әр түрлі этникалық топтар мен мемлекеттердің бөліктері мен құрамдарын ешқандай қиындықсыз сіңіретін синкретикалық сипаттағы этнос болды.

Төртіншіден, әртүрлі конфессияларды ұстанатын түрлі этностардың конгломератының Қазақстан аумағында орналасуы бейбіт қатар өмір сүрудің өзіндік қайталанбас тәжірибесін дамытып, іс жүзінде еуразияшылдық идеясын бұған дейін ондаған жылдар бұрын Еуразия орталығының жеке бөлігінде сынақтан өткізді.

Біртіндеп және кезең-кезеңімен Қазақстан Президентінің бастамасы кең Еуразия құрлығында қолдау тапты.

Бүгін біз еуразиялық идея доктринасының маңыздылығын түсініп отырмыз, өйткені әлем ішкі және мемлекетаралық қатынастардың сапалы жаңа идеологиясын таңдау жағдайына тап болып отыр. Бұл түйсіну дағдарыс жағдайындағы әлемде ерекше өзекті болып отыр, сондықтан еуразиялық интеграция идеясы әлі де маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Еуразиялық интеграцияның тағы бір маңызды аспектісіне назар аудару керек. Бұл әлем елдеріндегі тұрақтылық пен қауіпсіздіктің өзара тәуелділігі. Қазақстан әлемдегі төртінші ірі ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартып, таратпау, қарусыздану және атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану мәселелерінде еуразиялық кеңістік мемлекеттерінің сенімді серіктесі болды және болып қала береді.

Бұл одақ қазірдің өзінде ортақ экономикалық мүдделерді, әлеуметтік модернизацияны және ұлттық экономикалардың

бәсекеге қабілеттілігін дамытудағы еуразиялық интеграцияның маңызды құрамдас бөлігі екенін өмір айқын дәлелдеді. Еуразиялық мемлекеттердің жақын болашақтағы жетістіктері қазіргі заманғы еуразиялық доктринаны және өзара тиімді әлеуметтік-экономикалық ынтымақтастық құндылықтарын дәйекті түрде іске асырумен мүмкін болады.

Сөз соңында айтар тұжырым: әлемдік және өңірлік дамудың, ынтымақтастықтың Еуразиялық моделі біз бен шектес мемлекеттерге сенім, серпін береді деп толық айта аламыз.

Еуразияшылдық – қоғамның тарихи тұрақтылығын, жаңаруын, дәстүрін сақтайтын қарқынды даму үйлесімі.



Якунин Владимир Иванович

«Өркениеттер диалогы» зерттеу институтының Бақылау кеңесінің төрағасы (Мәскеу қ.),

Astana Club мүшесі

ӨРКЕНИЕТТЕР ДИАЛОГЫНЫҢ ПАРАДИГМАСЫН ДАМУ – ЖАҢА СЫНАҚТАР АЛДЫНДАҒЫ БІРЛЕСУ

Бүгінгі таңда бүкіл әлем бұрын соңды болмаған ерекше жағдайды бастан өткеруде, COVID-19 вирусынан туындаған жаһандық дағдарыс қоғамдық дамудың жаһандық моделінде қайта құру қажеттілігін түйсінуді күшейтті. Сарапшылар қазіргі таңда орын алған жағымсыз процестерді коронавирус пайда болғаннан бұрын да болжаған еді. «Өркениеттер диалогы» Әлемдік қоғамдық форумының алғашқы күндерінен бастап біз әлемдік тәртіптің бұрынғы конфигурациясының жинақталған проблемалары туралы сөз қозғадық.

XX және XXI ғасырдың басында басталған әмбебап әлеуметтік, экономикалық және саяси процестер арқылы әр түрлі әлемді бейнелеу әрекеті әлемдік өркениеттерді жаһандық хаос шегіне әкелді. Бұл хаоста тұтынушы қоғамның жасанды құндылықтары негізгі бағдарға айналды, бұл мәдениеттің, алуан түрліліктің және рухани-адамгершілік құндылықтардың маңыздылығын төмендетті.

Бүгінгі таңда әлемді адамзаттың құндылық негіздері тұрғысынан әмбебап ретінде түйсінудің әрекетінің болашағы жоқ, өйткені біз тек бет әлпетімізбен ғана ерекшеленбейміз.

Бізді тарихымыз, дініміз бен мәдениетіміз, балаларымызды тәрбиелеу және оқыту тәсілдері ерекшелейді.

Адамзаттың тұрақты дамуының негіздерінің бірі – оның алуан түрлілігі. Өркениет біртектес жаһандық масса емес, әр түрлі мәдениеттердің жарқын мозаикасы, олардың әрқайсысы жалпы адамзаттың бөлігі бола отырып, өзіндік ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Осы әшекейдің кез-келген егжей-тегжейінсіз біздің әлем толық емес және кемшілікті болар еді.

Жаһандық жүйелік дағдарыс, адамзат дамуының қазіргі заманғы модельдерінің, оның болжамды әлеуетін айтпағанда, тіпті сипаттамалық әлеуетінің сарқылуын айғақтайды, біз ең алдымен жаһандану процестерінің негізін құрайтын неолибералдық теория туралы айтып отырмыз.

Биыл бүкіл әлем Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғандығының 75 жылдығын атап өтуде. Адамзат болашағы үшін нацизмді жойған ұлы жеңіс. Бұл соғыс біздің тарихымыздағы ең жойқын әскери қақтығыс болды, Кеңес Одағында 26,6 миллионнан астам адам қаза тапты, ал жалпы алғанда 80 миллионнан астам адам қайтыс болды. 75 жыл бұрын Кеңес Одағы, Америка Құрама Штаттары және Ұлыбритания үкіметтерінің басшылары соғыстан кейінгі кезеңнің жаңа әлемдік тәртібін айқындады, оның ішінде жанжалды жағдайлардың халықаралық реттегіші ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылды.

Сол кезде идеологиялық тұрғыдан қарама-қайшы елдер өзара келісімге қол жеткізді, және де бірлесе отырып, ғаламдық ынтымақтастықтың сәтті тетігін құра алды. Олардың алға жылжуына мүмкіндік берген негізгі шарттар – жоғары мақсат – болашақ ұрпақтардың бейбіт дамуы үшін идеологиялық, саяси және экономикалық айырмашылықтарды кейінге ысыруға дайын болу. Менің ойымша, бұл қазіргі кездегі эксклюзивтіліктің өзімшілдік тәсілінен айырмашылығы,

жауапты көшбасшылыққа негізделген тиімді халықаралық қатынастардың маңызды элементі болып қала береді.

Көпқырлы әлем өркениеттерден тұрады, олар міндетті түрде әскери немесе экономикалық тұрғыдан емес, бірақ жаһандық пікіралмасуға қатысудағы тең мүмкіндіктермен танылуы керек. Біз Азия мен Африкадағы дамушы әлемнің мүдделерін ескеретін және болашақтағы жаһандық қауіп-қатерлерден аулақ болуға мүмкіндік беретін халықаралық жауапты көшбасшылықтың жаңа түрін құрудың жаңа жүйесі мен принциптерін ұсынуымыз керек. Сонымен бірге болашақ кескіндерін жасау үшін тарихи талдаудың әдістемесі мен өркениеттер диалогының парадигмасын пайдалану маңызды.

Бұл жаңа көшбасшылық келесідей қасиеттерді талап етеді:

- ✓ жалпылама суретті көру мүмкіндігі;
- ✓ сайлау циклдары немесе қысқа мерзімді саяси жетістіктер туралы көзқарастар мен ойлармен шектеместен әлемдегі ұзақ мерзімді тұрақты дамудың жолдарын көре білу;
- ✓ жаһандық қауіп-қатерлер алдында адамдарды біріктіруге қабілеттілігі.

Халықаралық қатынастардың белгісіздігі мен стихиялық байланыстар жағдайында ортақ міндет – ғаламдық және аймақтық өзара іс-қимылдың дәлелденген институттарын қолдау және сақтау.

Жаһандық жүйенің ауыр зардаптарға ұшырағанына қарамастан, әлемдік тепе-теңдік пен ынтымақтастықты қалпына келтіруге, ынтымақтастықтың, өзара және мүдделі диалогтың, ашық және тең қарым-қатынастың құндылықтарын қайтаруға әлі де мүмкіндіктер бар.

Осыған орай, өркениеттер диалогы парадигмасын дамытуға және оны іс жүзінде қолдануға Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев баға жетпес

үлес қосқанын атап өткім келеді. 2003 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Елбасының атымен аталу құрметіне лайық болған Қазақстанның астанасында әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы диалог пен түсіністіктің дамуына ықпал ететін маңызды ғаламдық оқиғаға айналған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өтіп келеді.

2011 жылы Нұрсұлтан Назарбаев халықтар арасындағы бейбітшілік пен келісімді нығайтуға, әлемдік қауымдастықтың жаһандық ынтымақтастықты орнатудағы күш-жігерін біріктіруге қосқан ерекше үлесі үшін «Өркениеттер диалогы» Әлемдік қоғамдық форумының жүлдесімен марапатталды. Сабақтастық пен эволюцияға негізделген жауапты көшбасшылық қағидаларының арқасында бүгінде Қазақстанның тұрақты дамуының процестерін, сондай-ақ оның әлемдік дамудың негізгі мәселелерін талқылау алаңы ретіндегі әлемдік аренадағы ерекше рөлін байқап отырмыз.

Біздің ойымызша, бұл өркениеттердің алуан түрлілігі мен адамзаттың гүлденуіне қолдау көрсетудің ең тиімді элементі болып табылатын өзара қызығушылық, жанашырлық және бітімгершілік құндылықтарына негізделген мәдениеттер үнқатысуы.

Өркениеттер диалогы, Андрей Первозванный Қоры және Сізді жақсы білетін барлық жақын адамдар атынан, Нұрсұлтан Әбішұлы, Сізге мықты денсаулық, амандық және Қазақстан мен бауырластарға өркендеу тілеймін!



**Шамшидинова
Күләш Ноғатайқызы**

*«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымының
Басқарма Төрайымы*

НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ – ЕЛБАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ЖОБАСЫ

11 жыл бұрын Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Зияткерлік мектептер құрылды. Неге? Өйткені, технологияның, демографияның, тұрақсыздық пен климаттың жедел жаһандық өзгеруі жағдайында адами капиталды дамыту технологиялардың дамуы және таралуына ілесе алмайтындығын, ал қазіргі заманғы сын-қатерлер білім беру жүйесі үшін жаңа қиындықтар туғызатынын түсіндік.

2020 жылы бүкіл әлем бетпе-бет келген өзгерістер мен сынақтар білім беру жүйесін қазіргі әлеммен қадамдастырудың маңыздылығын тағы да көрсетті. Сондықтан білім беруді дамытуға қатысты кез-келген бастамалар өзекті болады.

Алғашқы рет Қазақстанда балаларды оқытумен ғана емес, сонымен бірге орта білім мазмұнын дамытумен, бағалау жүйесін жетілдірумен және мұғалімдердің біліктілігін арттырумен айналысатын дербес білім беру ұйымы құрылды. Біздің ұйымның құрылуы педагогика ғылымының практикамен байланысына ықпал етті. Мектеп деңгейіндегі ғалымдардың, әдіскерлердің, мұғалімдер мен әкімшілердің күш-жігерін барынша үйлестіруге мүмкіндік туды.

Бірінші кезеңде қоғамның сеніміне ие болу маңызды болды. Оқушыларға педагогикалық қолдау көрсететін, балалар мен мұғалімдердің академиялық тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған конкурстық іріктеуден бастап мектепті бітіргенге дейін кешенді бағалау жүйесі құрылды.

Біздің мектептерде үлкен және шағын қалалар мен ауылдық жерлердің балалары (20%), халықтың барлық әлеуметтік топтарының, оның ішінде 15% – көп балалы және аз қамтылған отбасылардың балалары оқиды.

Мектеп қабырғасында жүріп, Зияткерлік мектептердің 126 оқушысы математика, информатика, химия, биология және нанотехнология саласындағы авторлық құқық пен пайдалы модельдер патентіне ие болды. Шәкірттер жалпы сомасы 40 миллион теңге болатын инновациялық идеяларға гранттар алды.

«Шаңырақ» мектеп қоғамдастығы арқылы «Туған елге тағзым», «Қазақтық жүз әні, жүз күйі» ғылыми-зерттеу экспедициясы, «Баланы жұмысқа тарту», «2 апта ауылда», «Міндетті оқуға ұсынылған 100 кітап» әлеуметтік тәжірибелері, «Таратуға лайықты идея» форматындағы «TEDx NIS» клубы және т.б. жұмыс істеуде.

Тұңғыш Президенттің ұлттық және халықаралық деңгейлердегі бастамалары «Қазіргі әлемдегі Қазақстан» авторлық бағдарламасында зерделенеді.

Мысалы, Ақтау қаласының оқушысы Ералы Құндыз «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің шығармаларына негізделген тәуелсіз Қазақстан тарихы» атты желілік студенттік конференцияда Күлтегіннің тарихи және мәдени ескерткіштері жазбаларындағы, «Алаш» партиясының бағдарламалық ұстанымдары мен Тұңғыш Президенттің идеяларының бірізділігін Елбасының «Тәуелсіздік дәуірі»

атты еңбегіндегі «Әртүрлілік негізіндегі бірлік» формуласы арқылы көрсетті. Еңбекте ежелгі түркі алфавитіне және Күлтегін ескерткіштерінің қасиетті белгілеріне негізделген формуланың өзектілігі, оның өміршеңдігі мен халықтың ұлттық санасын қалыптастырудағы рөлі негізделіп, Елбасының «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» деген ой-түйінімен сабақтастығы айтылады.

Семей қаласының оқушысы Ұлан Сейітқалиев өз жұмысында Қазақстан тарихындағы қайғылы оқиға – Семей ядролық полигонының жұмысына тоқталды. Елбасының «Әлемнің эпицентрі» еңбегін зерттей келе, Ұлан «Форсайт» әдістерін қолдану арқылы, егер полигон тағы 10 жыл болса, ядролық сынақтардың мүмкін болатын салдарын болжады. Логистикалық-регрессивті әдістің сызықтық логарифмдік моделіне негізделген талдау нәтижесінде ол полигонның салдары 63,7% жоғары болып, үлкен апатқа әкелетін еді деген қорытынды жасады. Оқушының басты тұжырымы – полигонды жабу жөніндегі Тұңғыш Президенттің маңызды саяси қадамы ондаған мың қазақстандықтардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалды.

Осылайша, біз балаларды ойлануға, әлемге кеңірек қарауға, зерттеуге, қателіктерден сабақ алу, мемлекет жүргізіп отырған саясатты терең түсінуге, зерттеулер мен бақылаулардың нәтижелері бойынша сындарлы шешімдер қабылдауға үйретеміз.

11 жыл ішінде 12 622 оқушы республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары атанды. Өткен жылы Зияткерлік мектептердің командасы робототехника бойынша әлем чемпионатында үздік үштікке енді.

Осы жылдар ішінде Зияткерлік мектептерді 12 мыңға жуық түлектер аяқтады.

Сондай-ақ, түлектердің 90%-дан астамы әртүрлі білім гранттарының иегерлері. Назарбаев Университетінің бірінші курсына, Foundation университет алды дайындық бағдарламаларын айналып өтіп, Қазақстанның 17 жоғары оқу орындарына 3 жылдық бакалавриат бағдарламаларына және шетелдік жоғары оқу орындарының грантына түсу арқылы 55,3 млрд. теңге қаржы үнемделді. Мұның бәрі түлектерді сапалы даярлаудың және Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі оқу нәтижелерін қазақстандық және шетелдік университеттер мен халықаралық ұйымдардың мойындауының арқасында мүмкін болды.

Зияткерлік мектептер түлектерін даярлау сапасы еліміздің жоғары білім жүйесінің дамуына оң әсерін тигізетінін біз жақсы түсінеміз.

Бұл үш мыңға тарта білікті мұғалімнің жұмысының нәтижесі. Олардың 30% магистр, кандидаттық немесе докторлық дәрежеге ие. 168 адам Назарбаев Университетінің магистратурасын бітірді, 91 – «Болашақ» бағдарламасының түлектері. Біздің мектептеріміздің мысалында Елбасының үш білім беру жобасының: «Болашақ» бағдарламасының, Назарбаев Университетінің және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің сәтті үйлесімі мен толықтырылуын көруге болады.

Біздің оқытушыларымыз ішкі және халықаралық білім кеңістігінде сұранысқа ие. Олар аймақтардағы білім бөлімдерін, орта мектептер, ұлттық және халықаралық жобаларды басқарады.

Барлық Зияткерлік мектептердің CIS (Нидерланды) халықаралық аккредитациясынан өтуі білім беру қызметтерінің сапасының жоғарылығын көрсетеді.

Біздің ұйым 2019 жылы білім саласындағы ЮНЕСКО-ның Wenhui Award сыйлығын алған Қазақстанның алғашқы өкілі болды.

Біз ЭЫДҰ «Білім беру-2030» жобасындағы қазақстандық ұлттық үйлестірушіміз, Дүниежүзілік сабақтарды зерттеу ассоциациясы Кеңесінің мүшесі және т.б.

NIS-Programme тиімділігі Зияткерлік мектеп оқушыларының PISA-2018 халықаралық зерттеуінде алған жоғары нәтижелерімен расталды. Математикалық және жаратылыстану сауаттылығы нәтижелері бойынша Зияткерлік мектептердің оқушылары үздік қатысушы елдердің «бестігіне», ал оқу сауаттылығы бойынша «оңдыққа» кірді.

2012 жылдан бастап Зияткерлік мектептерде жүзеге асырылатын білім беру бағдарламасы халықаралық деңгейде мойындалған және A/As-level (Ұлыбритания), O-Level (Сингапур), Халықаралық Бакалавриат сияқты халықаралық бағдарламаларға сәйкес келеді.

